

«ҚАРАЛДЫ»
Педагогикалық кеңес № 1
« 27 » тамыз, 2024 ж



«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
Д.К.Картпагамбетова

Жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы
М.Дулатұлы атындағы «№63 жалпы білім беретін орта мектеп -лицейі» КММ бойынша
тәрбие жұмысын ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- **тәуелсіздік және отаншылдық**
- **бірлік және ынтымақ**
- **әділдік және жауапкершілік**
- **заң және тәртіп**

- **еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**
- **жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.**

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Мектеп - лицей миссиясы:

«Білім алушылардың бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу»

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

«Жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда құндылықтарды сіңірудің тиімді жолдары»

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- ❖ Бағдарламаны кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту күтіледі;

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Нормативтік құқықтық актілер:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>)
4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
13. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>
15. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890>
19. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085>
21. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067>
25. «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>
27. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare>

29. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>)
30. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000789_
31. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748>
32. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857>

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ				
* Ұсынылған жоспарды әр сынып жетекші, өз сыныбының ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады. * Апта сайынғы әр сынып сағатының соңы 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.				
№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу) акцияларын ұйымдастыру (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джексон Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.).	Үзіліс кезінде	Дене шынықтыру бірлестігі Г.Калиева 1-11 сынып жетекшілері Музыка пәні мұғалімі Е.Калыбаев Мектеп кітапханашысы Ж.Бакиева	Күнделікті жыл бойы
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан		Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	

	Республикасының Ғнұранын орындайды; - «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; - «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.	Аптасына 1 рет	А.Кулбасова 1-11 сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Апта сайын жыл бойы
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	 «Болашаққа жолдама» жобасы	Бекітілген жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
2	 Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған « Adal urpaq », « Sanaly urpaq » жобалары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралары	Бекітілген жоспар бойынша	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік	Жыл бойы

			педагог	
3	 «Birgemiz: Qamqor» акциясы <i>(қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы</i>	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
4	 «Birgemiz: Taza Alem» акциясы <i>(қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.) «Қамқор» жобасы</i>	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
5	 «Мейірімділік ошағы» акциясы <i>(күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету) «Қамқор» жобасы</i>	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
6	 Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары	Жоспарға сәйкес	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, жаратылыстану бірлестігі, эо клуб жетекшілері.	Жыл бойы жоспар негізінде
7	 «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Жыл бойы

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Апта дәйексөзі

1-апта «Қолың жетер биікке, еңбек етсең ерінбей, Білім ізде кітаптан, жалқаулыққа берілмей»

2-апта «Отбасым – алтын бесігім»

3-апта «Еңбек - ырыстың қазығы»

4-апта «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» *Абай*

1	Білім күні. «Мектеп – мейірім мекені!» (1,11-сынып) «Менің Отаным –Қазақстан!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	М.Мукатова А.Жұбатқанова Сынып жетекшілер	1- апта
2	«Тілім менің ғасырларға аманат» <i>(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)</i> (1-11 сынып)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Гуманитарлық пәндер бірлестігі К.Мәмішқызы Ш.Марданова Ж.Тлепиева	1- апта
3	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру <i>«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы</i> (1-11 сынып)	Ата-аналар жиналысы	Мектеп әкімшілігі	1- апта
4	«Жол қауіпсіздігін сақта, балақай!»	Бейнеролик жасау	«Жас жол инспекторлары» тобы Б.Базаров	1 -апта
5	«Адал еңбек – арлы адамның ісі» (Адалдық сағаты) (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ИД және т. б.) бірлесіп өткізіледі	2- апта
6	«Отбасы күніне арналған жаппай диктант» «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі <i>«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы</i>	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі К.Мәмішқызы	2 апта

	(1-11 сынып) «Отбасылық демалыс: бақытты болашаққа инвестиция» (1-4 сынып) «Отбасылық дәстүрлер:тарихымызды сақтаймыз, болашақты құрамыз!» (5-9 сынып)		«Даналық мектебі» клубының жетекшісі К.Саймағамбетова Сынып жетекшілер	
7	«Саналы ата-ана болу – саналы ұрпақ кепілі» «Даналық мектебі» мүшелерімен кездесу	Дөңгелек үстел	«Даналық мектебі» клубының жетекшісі К.Саймағамбетова Сынып жетекшілер	2-апта
7	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына сай сынып сағатының тақырыбын алу (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	3 -апта
8	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ (1-11 сынып)	Жалпы мектепшілік «Бірыңғай сабақ» шарасы	А.Кулбасова Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сынып жетекшілер	Қыркүйек
9	«Денсаулық – зор байлық» фестивалі (3- 11 сыныптар)	«Денсаулық фестивалі» Мектепшілік шара	Г.Калиева, дене шынықтыру бірлестігі Сынып жетекшілер	3-апта
10	«Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты!» (9-11 сыныптар) (Бейнероликтер байқауы)	Облыстық байқауға қатысу	А.Кулбасова «Мейірім» еріктілер клубының жетекшісі Е.Жақсылық 9-11 сынып жетекшілері	3-апта
11	«Еңбек түбі- береке» (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 -апта
12	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы «Қамқор» жобасы (5-11 сынып)	Таза сенбіліктер	А.Кулбасова Ж.Жайлыбай, Ғ.Маханова сынып жетекшілер	4- апта
13	 «Құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу – басты міндетіміз»	Ақтөбе облысы полиция департаменті	Ақтөбе облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға	4-апта

			инспекторы, ДТЖО А.Кулбасова	
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні Апта дәйексөзі 1-апта «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің,Отан атың!» 2-апта «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» 3-апта «Отанды сүю –отбасынан басталады» 4-апта «Отаным –алтын бесігім!»				
1	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет «Қарттарым- қазынам!» қайырымдылық, мерекелік акция (1-11 сынып) «Қамқор» жобасы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	А.Кулбасова «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жетекшісі Ж.Жайлыбай, сынып жетекшілері, аға тәлімгер	1 апта
2	«Даналық ұстаздан» челленджі «Шабьт» жобасы	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Эстетика пән бірлестігі, «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта
3	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	1 апта
4	«Ойынға салауатты көзқарас» (лудоманияның алдын алу) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу шаралары	А.Кулбасова Мектеп инспекторы	1 апта
5	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублер күнін» ұйымдастыру	Әлеуметтік желіге ақпарат	А.Кулбасова, тәлімгер, сынып жетекшілер.	1 апта
6	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	А.Кулбасова, сынып жетекшілері Мектеп инспекторы	2 апта
7	«Күзгі асар» жәрмеңкесі Күзгі көрме (1-2 сынып)	Мерекелік жәрмеңке	Сынып жетекшілері	2 апта

	«Кішкентай күз ханшайымы- 2024ж» (3-4 сынып) «Күз ханшайымы -2024» (5-6 сынып) «Күз ханзадасы мен күз ханшайымы» (7-8 сынып) «Күз ханзадасы мен күз ханшайымы» (9-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)		Тәлімгер	
8	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
9	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
10	Мектеп парламентінің президентін сайлау	Мектеп сайлауы	А.Кулбасова Тәлімгер	3 апта
12	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты Мектепішілік турнир («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Мектеп дебаты	К.Таласова Дебат клубының жетекшісі	4 апта
13	«Республикам – мақтанышым!» (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара және сынып сағаты	А.Кулбасова, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, аға тәлімгер	4 апта
14	«Демалыста кітап оқимыз» (1-11 сынып) («Балалар кітапханасы» жобасы)	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Ж.Бакиева Сынып жетекшілер	4 апта
	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (7-11 сынып)	Мектепішілік алдын алу шаралары	Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы №2 Қ Сазды ПБ инспекторы	Айына 1 рет
15	«Мен - еріктімін» әлеуметтік желідегі фотоконкурс (8-11 сынып) (Облыстық жоспар негізінде)	Конкурс	«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жетекшісі Ж.Жайлыбай, 8-11 сынып жетекшілері	Ай жоспарына сәйкес
16	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы (5-11 сынып)	Таза сенбіліктер	Ғ.Маханова сынып жетекшілер	Қазан

	(«Қамқор» жобасы)			
17	Өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшыларына арналған «Үздік көшбасшы- 2024» облыстық байқау	Байқауға іріктеу	Аға тәлімгер «Мектеп парламенті»	Қараша
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні Апта дәйексөзі 1-апта «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым» 2-апта «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» 3-апта «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» 4-апта «Әділетке берік болсаң аяғың таймайды!»				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Мектеп театры («Шабьт» жобасы)	Театр қойылымы	«Шырақ» театрының жетекшісі М.Таймағамбетова, «Мектеп парламенті» мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта
3	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
4	«Үшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны («Үшқыр ой алаңы» жобасы)	Зияткерлік ойын	Дебат клубының жетекшісі К.Таласова	2 апта
5	«Startup» байқауы («SMART BALA» жобасы)	Байқау	Сынып жетекшілері, ИФМ бірлестігі Г.Айдарбаева	3 апта
6	«Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлері	3 апта
7	«Өмірге салауатты қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын алу шаралары	А.Кулбасова Салауатты өмір салты орталығы	4 апта

8	«Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
9	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу «Есірткі бизнесі және жасөспірім»	Мектепішілік алдын алу шаралары	А.Кулбасова АӨТД пәні мұғалімі Мектеп инспекторы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Айына 1 рет
10	Өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшыларына арналған «Үздік көшбасшы- 2024» облыстық байқау	Облыстық байқауға қатысу	Аға тәлімгер «Мектеп парламенті»	Қараша
11	Мамандықтар әлемі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Түсіндіру жұмыстары	А.Кулбасова А.Джаппарова сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қараша
12	«Үздік мектеп парламенті» мектепішілік байқау	мектепішілік байқау	А.Кулбасова тәлімгер сынып жетекшілер.	Желтоқсан
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні Апта дәйексөзі 1-апта «Бірлігі күшті ел озады» 2-апта «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» 3-апта «Бірлік болмай, тірлік болмас» 4-апта «Ынтымақ –бұзылмайтын қорған»				
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы (Сынып сағаты) (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	«Green school» үйірмесі Ғ.Маханова Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі (1-11 сынып)	Челлендж	Тәлімгер мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
3	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы (1-11 сынып) («Балалар кітапханасы» жобасы)	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Ж.Бакиева Сынып жетекшілері	2 апта

4	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты (1-11 сынып) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
5	«Ұшқыр ой алаңы» деббаты («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Мектеп деббаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта
6	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты (1-11 сынып) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
7	«Мен гаджетсіз демалысты қалаймын!» Ойынға салауатты көзқарас (1-11 сынып) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы)	А.Кулбасова сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдар	4 апта
8	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты (1-11 сынып) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
9	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу «Зиянды заттардың зардабы»	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	А.Кулбасова мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Ай жоспарына сәйкес
10	«Ерікті болу - ерлік» облыстық еріктілер слеті (<i>жыл қорытындысы, үздік еріктілерді, үздік еріктілер клубтарын марапаттау</i>)	Слет	А.Кулбасова «Адал ұрпақ» еріктілер клубы	Желтоқсан
11	«Үздік мектеп парламенті» облыстық байқау	Облыстық байқау	А.Кулбасова тәлімгер сынып жетекшілер.	Желтоқсан

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

1 қаңтар – Жаңа жыл

Апта дәйексөзі

2-апта «Талап бар жерде тәртіп бар»

3-апта «Тәртіп – тәрбие бастауы»

4-апта «Әділет жолы- адал жол»				
1	Мамандықтар марафоны («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Байқау	Эстетика пән бірлестігі Қ.Бисұлтанова ИФМ бірлестігі Г.Айдарбаева	2 апта
2	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	А.Кулбасова сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
3	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Зияткерлік ойын	Дебат клубының жетекшісі К.Таласова	3 апта
4	«Заң және тәртіп» құндылығына арналған сынып сағаты (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
5	«Заң және тәртіп» құндылығына арналған сынып сағаты (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
6	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы («SMART BALA” жобасы)	Байқау	Информатика пәнім мұғалімдері Н.Абишов, К.Нарекова	4 апта
7	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу «Құқықбұзушылықтың алдын алу- басты мақсат»	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	А.Кулбасова, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Ай жоспарына сәйкес
8	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ	Мектепшілік «Бірыңғай сабақ» шарасы	Мектеп психологы А.Джаппарова, Б.Көшболаева, сынып жетекшілер	қаңтар
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні Апта дәйексөзі 1-апта «Жасампаздық –бәрімізге өнеге» 2-апта «Шығармашыл бала- ойлы бала»				

3-апта «Өнерлі бала –өрге жүзер» 4-апта «Жаңашылдық –заман талабы»				
1	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	К.Нарекова Үйірме жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	1 апта
2	«Жасампаздық пен жаңашылдық» күндылығына сәйкес сынып сағаты (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
3	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты «Ұшқыр ой алаңы» жобасы	Мектеп дебаты	К.Таласова Мектеп парламенті Тәлімгер	1 апта
4	«Буллингтен қорған!» (8-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	2 апта
5	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Балалар кітапханасы» жобасы	Челлендж	Ж.Бакиева Тәлімгер Мектеп парламенті	2 апта
6	«Қауіпсіз қоғам» (1-7 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	сынып жетекшілері,мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
7	«Startup» байқауы «SMART BALA» жобасы	Байқау	ИФМ бірлестігі К.Нарекова	3 апта
8	«Жасампаздық пен жаңашылдық» күндылығына сәйкес сынып сағаты (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
9	 Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепішілік іс-шаралар	А.Кулбасова, тәлімгер, сынып жетекшілері, АӘТД пәні мұғалімі	3 апта
10	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта

11	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу «Діни экстремизмнің алдын алу»	Мектепшілік алдын алу шарасы	А.Кулбасова орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні Апта дәйексөзі 1-апта «Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің» Б.Момышұлы 2-апта «Тәуелсіздік –тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» 3-апта «Ар –намыс қана Тәуелсіздікке тірек бола алады» 4-апта «патриотизмі жоқ халық, жаны жоқ тәнмен тең»				
1	«Алғыс – ізгі ниет» (1-11 сынып) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Алғыс айту күніне орай Мектеп/студенттік парламент арасында «Шын жүректен» челленджі	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп психологтары Мектеп парламенті «Адал ұрпақ» еріктілер клубы Сынып жетекшілер	Наурыз
3	«Ойынға салауатты көзқарас» Мектепшілік жиын Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	А.Кулбасова тәлімгер сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	1 апта
4	«Ананың аялы алақаны» челленджі (1-11 сынып) («Шабьт» жобасы)	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектеп парламенті	2 апта
5	«Ұлттық мәдениет» көрмесі («Шабьт» жобасы)	Көрме	Эстетика пәндер бірлестігі Қ.Бисұлтанова	2 апта
6	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта

7	 «Наурызана» тұжырымдамасы	Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес іс-шаралар ұйымдастыру	А.Кулбасова сынып жетекшілер	3 апта
8	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
9	«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша)	Күй орындау	А.Кулбасова тәлімгер Музыка пәні мұғалімі Е.Калыбаев	Наурыз
10	Мектеп театры («Шабьт» жобасы)	Театр қойылымы	«Шырак» үйірмесі М.Таймағамбетова	3 апта
11	«Жер сағаты» экологиялық акциясы («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Акция	Жаратылыстану тарих бірлестігі Г.Қарабекова	4 апта
12	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепішілік алдын алу шарасы	А.Кулбасова Б.Базаров, Ш.Жанұзақов мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
13	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ	«Бірыңғай сабақ» мектепішілік шара	Мектеп психологтары сынып жетекшілер	Наурыз

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

Апта дәйексөзі

1-апта «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айрылмас азап» Абай

2-апта «Көп еңбек еткенге, бақыт басын иеді» Леонардо да Винчи

3-апта «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»

4-апта «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып, өсіп-өнер»

1	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
3	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	А.Кулбасова сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
4	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Э.Сейтимова аға тәлімгер	Сәуір
5	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып («Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы)	Шеберлік сынып	К.Саймағамбетова Г.Утарбаева	2 апта
6	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
7	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Мектеп дебаты	Дебат клубының жетекшісі К.Таласова	3 апта
8	«Қоғамдық мүлікті қорға!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепішілік алдын алу шарасы	А.Кулбасова сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
9	«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі («Қамқор» жобасы)	Челлендж	11-сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	4 апта
10	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
11	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу «Вандализм салдары»	Мектепішілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Апта дәйексөзі

1-апта «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»

2-апта «Бірлік жоқ болса, ұйым жоқ»

3-апта «Өнерлі бала – өрге жүзер»

4-апта «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек» *Төле би*

1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі «Шабдыт» жобасы	Фестиваль	АӘДТ пән мұғалімі, тәлімгер сынып жетекшілері, мектеп парламенті	2 апта
3	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
4	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	Сынып жетекшілері	2 апта
5	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мектеп психологы	3 апта
6	«Қауіпсіз қоғам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	А.Кулбасова сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
7	«Білім – Отаным!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
8	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары»	Мектепшілік алдын алу шарасы	А.Кулбасова мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Айына 1 рет

			(ИД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	
11	 Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ 	Мектепшілік «Бірыңғай сабақ» шарасы	Б.Айбекова сынып жетекшілер	мамыр
12	«Әншуақ» фестивалі <i>«Шабит» жобасы</i>	Фестиваль	Үйірме жетекшілері Эстетика пән бірлестігі	Мамыр